

Қазақстан Республикасының  
Әділет Министрлігі  
Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі  
200 19.06.02  
жүргізілді  
БИН 19024000611

Қазақстан Республикасының  
Әділет Министрлігі  
Сенат құрамы мен толықтырулар  
200 21.14.01  
снгізілді  
124 бұйрық

Қазақстан Республикасының  
Әділет Министрлігі  
200 21.30.06  
Заңды тұлғаның мемлекеттік  
қайта тіркеуі жүргізілді  
БИН 19024000611  
Алғашқы тіркелген күні  
2019.06.02

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің  
«Әбіш Кекілбайұлы атындағы  
№ 72 жалпы білім беретін орта ІТ мектеп-лицейі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**

**Ж А Р Ғ Ы С Ы**

2021 ЖЫЛ

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің  
«Әбіш Кекілбайұлы атындағы  
№ 72 жалпы білім беретін орта ІТ мектеп-лицейі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы**

**1. Жалпы ережелер**

1.1 «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін орта ІТ мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай Мектеп-лицейі) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыру функцияларын іске асыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес коммуналдық мемлекеттік мекеме болып табылады.

1.2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық

1.3. «Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін орта мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ақтөбе қалалық әкімшілігінің 10 қаңтар 2019 жылғы № 76 қаулысымен құрылды.

1.4. «Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін ІТ орта мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

1.5. Тиісті саланың уәкілетті органы «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, ал мекеменің мемлекеттік мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органы «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган).

1.6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін орта ІТ мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

1.7. Мекеменің орналасқан жері: 030003, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Бөкенбай Батыр көшесі, 46 құрылысы.

**2. Мектеп-лицейдің заңды мәртебесі**

2.1. Мектеп-лицей мемлекеттік тіркеуге алынған уақытынан бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

2.2. Мектеп-лицей Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған бланкілері, мөрі болады.

2.3. Мектеп-лицей басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

2.4. Мектеп-лицей өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

2.5. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

2.6. Мектеп-лицейдің қызметі мемлекеттік стандарттар бойынша ақысыз білім беру қызметтерін ұсыну, білім беру үдерісін үздіксіз ету, оқыту әдістерінің алуандығын қамтамасыз ету.

2.7. Мектеп-лицей келісімшарт бойынша оқушыларға мекемелердің қолдауымен ақылы білім беру қызметтерін ұсына алады, олар жалпы білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік білім беру стандарттарынан өзгеше болуы мүмкін:

- белгілі бір пәндерді бағдарламадан тыс артық сағаттармен оқыту немесе Мектеп-лицейдің оқу бағдарламасында жоқ пәндерді оқытуды ұйымдастыру;
- оқушылармен бірге қосымша сабақтар өткізу немесе орта, жоғары және кәсіби білім алу орындарына оқуға түсуге дайындайтын арнайы пәндерді тереңдетіп оқытатын курстарды (ақылы, ақысыз) ұйымдастыру;
- ата-аналар сұраныстары мен оқушылардың қажеттілігіне байланысты үйірмелер ұйымдастыру.

2.8. Мектеп-лицейге білім беру қызметі мен жеңілдіктер жасау тәрізді құқығы заңнамаларға сәйкес лицензия берілген уақыттан бастап беріледі.

### **3. Мектеп-лицей қызметінің мәні мен мақсаттары**

3.1. Мекеме қызметінің мәні – ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым жетістіктері мен оның тәжірибесі негізінде жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

1) Мектеп-лицейінде оқыту мен тәрбиелеу мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

2) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру жүйесін қалыптастыру.

3) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес Жалпы орта білім беру мекемелерінің (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім) түрлері бойынша ҚР БҒМ №595 2018 жылы 30 қазанда бекітілген Типтік ережелерге сәйкес информатика мен математиканы (алгебра, геометрия, алгебра және талдау негіздері) тереңдетіп оқытатын лицейлік кластар қызметі жалпы білім беретін кластарда ұйымдастырылады.

4) Информатика мен математиканы (алгебра, геометрия, алгебра және талдау негіздері) тереңдетіп оқытатын лицейлік кластар жалпы орта білім беретін кластар ретінде саналады, себебі олар жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асырады, ерекшелігі олар оқушылардың математикалық-жаратылыстану бағытында қосымша дайындықтарын талап етеді.

5) Оқыту және тәрбиелеу үрдісіндегі тәсілдер мен әдістер оқушылардың шығармашылық талантарын анықтауға және дамытуға мүмкіндік береді, бірақ жалпыға ортақ білім беру мен тәрбиелеу шарттары сақталады.

6) Оқушылардың физикалық және эмоциялық қалыпты жағдайын жасау, олардың жеке тұлға ретінде дамуы үшін отбасымен жақсы қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ету.

7) Оқытудың жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін білім беру және педагогикалық технологияларды іске асыру.

8) Мектеп-лицейдің сайты жүргізу, әлеуметтік желілерде парақшалар жүргізу арқылы ақпараттық кеңістікті кеңейту.

9) Ата-аналардың сұраныстары бойынша заңды талаптарға сәйкес қосымша ақылы білім қызметтерін көрсету;

10) Әр түрлі деңгейдегі, соның ішінде инклюзивті оқытуды іске асыру.

3.2. Мектеп-лицей қызметінің мақсаты – оқушылардың жалпы ғылыми және жалпы мәдени дайындығын қалыптастыру. Кәсіпті сезініп, дұрыс тандау жасауға негіз жасау, ойлау қабілеттері мен рефлексияны дамыту, жеке тұлға қасиеттерін дамыту, әлеуметтік

ортаның өзгерістеріне тез бейімделуді үйрету, оқушы тұлғасына деген құрметті қалыптастыру, оның жеке мақсаттарын, қызығушылықтарын қабылдау.

3.3. Мектеп-лицейдің негізгі қағидалары:

1) сапалы білім алуда барлық балалардың құқықтары тең;  
2) білім берудің зайырлы, ізгілік және дамытушы сипаттамасы, азаматтық және ұлттық құндылықтардың артықшылығы, адамдар денсаулығы мен өмірі, жеке тұлғаның еркін дамуына мән беру;

3) адам құқықтары мен еркіндігін құрметтеу;

4) білім беру үдерісінің үздіксіздігі, оның деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз етеді;

5) білім берудің, тәрбиелеу мен дамытудың бір болуы;

6) білімді басқарудың демократиялық сипатта, білім беру жүйесінің ашық болуы.

3.4. Мектеп-лицейде діни ұйымдарды құру мен жұмысын жүргізуге тыйым салынған.

3.5. Білім беру ордасының міндеттері:

1) сапалы білім алу үшін барлық жағдайларды жасау, олар жеке тұлғаның қалыптасуына, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылыми жетістіктер мен тәжірибелердің негізінде жетуіне бағытталады;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерінің дамыту, адамгершілік негіздері мықты және салауатты өмір салтын ұстанатын, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, ақыл-парасатты байыту;

3) азаматтық және патриоттық сезімдерді тәрбиелеу, Отанға – Қазақстан Республикасына деген махаббатты, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілге, ұлттық салт-дәстүрлерге құрметті, ал антиконституциялық және антиқоғамдық құбылыстарға жай қарамауға тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысуға қажеттіліктер туындату, жеке тұлғаның өзінің құқықтары мен міндеттеріне жауапкершілік қатынасты қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне жақындату, тарту; республикадағы қазақ және өзге де ұлттардың салт-дәстүрлерін, тарихын зерттеуге, мемлекеттік, орыс шет ел тілдерін меңгеруге баулу;

6) педагогикалық қызметкерлердің әлеуметтік дәрежесін көтеруді қамтамасыздандыру;

7) автономдылықты кеңейту, білім беру мекемелерінің дербестігін, білім беру жүйесін демократизациялауды іске асыру;

8) білім беру сапасын бағалайтын ұлттық жүйе қызметін жасау, ол қоғам мен экономика сұраныстарына жауап беруі қажет;

9) мүмкіндігі шектеулі адамдардың толыққанды білім алулары үшін қолайлы жағдайлар жасау;

10) білім берудің жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін білім беру бағдарламалары мен педагогикалық технологияларды ойлап шығару;

11) баланың шығармашылық қабілеттерін дамытатын, оның талантты, дарынды тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік беретін жеке бағдарламаларды ойластырып, іске асыру;

12) оқушылардың өзін-өзі дамытуға және өздігінен білім алуға деген ізденісін, талпынысын қалыптастыру.

3.6. Қойылған мақсаттарға жету үшін Мектеп-лицей мынадай қызметтерді орындайды:

- мектептегі бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің бағдарламаларын іске асыру;
- 1-кластан бастап информатика және математика, информатика; 7-кластан бастап информатика, геометрия, алгебра пәндерін тереңдетіп оқыту және 10-кластан бастап информатика, геометрия, алгебра және талдау негіздері бағдарламаларын іске асыру;
- білім беру мекеме қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жұмысын ұйымдастыру;

- оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқу құралдар, ғылыми, әдістемелік, анықтамалық әдебиеттерді әзірлеу;
- психологиялық диагностика мен тестілеу өткізу;
- семинар, конференция, байқау, олимпиадалар ұйымдастыру;
- концерттер мен көрмелер ұйымдастыру;
- білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау;
- тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке бастың дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту;
- азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен Республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;
- мемлекеттік тілді, орыс, шет ел тілдерін меңгеру;
- педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
- білім беру ұйымдарының еркіндігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруда демократияландыру және орталықсыздандыру;
- қоғам мен экономиканың қажеттілігіне жауап беретін білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;
- оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдалану және ендіру;
- оқушылардың кәсіптік бағдарлануын жүзеге асыру;
- қосымша білім беру, сауықтыру, спорттық қызметтерді көрсету (оның ішінде ақылы);

3.7. Мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

3.8. Мектеп-лицей басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

## 4. Мектеп-лицейді басқару

4.1. Мектептің Құрылтайшысы келесі функцияларды іске асырады:

- 1) мектепті құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;
- 2) мектептің Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

4.2. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мектеп атына мүлікті бекітеді;
- 2) мектеп мүлігінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

4.3. Мектепті жалпы басқаруды тиісті саланың Уәкілетті органы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мектептің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мектеп басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 4) мектептің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 5) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

4.4. Мектеп-лицей жұмысын директор ұйымдастырып, бақылайды және басқарады. Оның өзі белгілі бір саланың Жауапты органдарына тәуелді болады (тек Қазақстан Республикасының заңнамасынан тыс жағдайлардан бөлек емес) және мемлекеттік мекеме қойған міндеттерді орындауға, өз қызметін іске асыруға, жеке жауапкершілік алады.

4.5. Мектеп-лицейдің директоры жеке қағидалары мен өздігінше мемлекеттік мекеменің қызметіне қатысты мәселелердің шешімін қабылдайды. Бұл Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғы тұрғысында іске асырылады.

4.6. Мектеп-лицей директоры өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасы аясында орындайды:

- 1) Мектеп-лицейдің атынан сенімхатсыз әрекет жасайды;
- 2) мемлекеттік органдар мен басқа да мекемелерде Мектеп-лицейдің қызығушылықтарын алға тартып жүреді;
- 3) келісімшарттарды қабылдайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) біліктілікті арттыру мақсатында мектеп қызметкерлерін қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарына жіберу үшін, басқа да қызметтік біліктілікті арттыратын іс сапарлардың реті мен жоспарларын жасайды.
- 6) банк есептерін ашады;
- 7) барлық жұмысшыларға қатысты бұйрықтар мен қаулы шығарады;
- 8) Мектеп қызметкерлерін жұмысқа алады және жұмыстан босатады;
- 9) Мектеп-лицей қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының бекіткен заңнамалары аясында, ынталандыру шаралары мен тәртіптік жазаларын қолданады;
- 10) өзінің орынбасарлары мен басқа да басқарушы қызметкерлердің жауапкершілігі мен міндеттерін анықтайды;
- 11) Жауапты орган мен білім беру саласындағы жоғары органдардың шешімдері, бұйрықтары, өкімдерін орындайды;
- 12) Мектеп-лицейдің Педагогикалық кеңесін басқарады;
- 13) қамқоршы кәсіпорындармен байланыс орнатады;
- 14) қаржылық-шаруашылық қызметке бақылау жасайды;
- 15) өзіне заңнама, Жарғы, Жауапты органдар міндеттеген қызметтерді орындайды.

4.7. Мектеп-лицейде алқалық басқару органдары жұмыс жасайды: Педагогикалық кеңес, Әдістемелік кеңес, Мектеп кеңесі, Қамқоршылық кеңес, Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес, Ата-аналар комитеті.

4.8. Педагогикалық кеңестің құрамына Мектеп-лицейінің барлық педагогтары кіреді. Педагогикалық кеңес өз құрамынан бір оқу жылы мерзіміне төрағаны, хатшыны сайлайды. Педагогикалық кеңестің құрамы бір оқу жылына Мектеп-лицейінің басшысының бұйрығымен бекітіледі. Мектеп-лицейіндегі педагогикалық кеңестің отырысына педагогикалық кеңестің мүшелері шақырылады. Қарастырылатын мәселеге сәйкес қамқоршылық кеңестің, ата-аналар комитетінің мүшелері, мектеп-лицейіне қарасты медициналық пункт қызметкерлері, сондай-ақ білім алушылардың ата-аналары қосымша шақырылады.

Педагогикалық кеңес:

- оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру;
- оқу жұмыс жоспарларын бекіту;
- білім беру қызметтерін ұсыну сапасы;
- инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) үлгерімі және психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;
- білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу, оларды емтиханға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтиханнан босату, білім алушыларды келесі класқа ауыстыру немесе оларды қайталау курсына қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағазымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіру туралы аттестат, негізгі орта білімді бітіргендігі туралы аттестат, жалпы орта білімі туралы үздік аттестат, жалпы орта білімі туралы аттестат, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес белгіленген үлгідегі анықтама беру туралы шешімдер қабылдау;
- мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы педагогтердің оқу жүктемелерін бөлу, оларды аттестаттауға дайындау, марапаттау және көтермелеу;
- білім беру ұйымының үш тілде оқытуға ауысуы;
- экстернаттық оқыту нысанындағы білім алушыларды қорытынды аттестаттау жүргізуге жіберу;
- зияткерлік, ғылыми, спорттық жарыстарға, музыкалық-шығармашылық конкурстарға қатысушы білім алушыларға жеке жұмысты ұйымдастыру;
- сабақ кестесін құрастыру;
- білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) қабылдау, ауыстыру және бітіріп шығару;
- білім алушының (тәрбиеленушінің) эмоциялық-ерік және жеке дамуын зерделеу;
- оқуы мен тәрбиесінде тұрақты қиындықтарға шалдығатын балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдау бойынша ұсынымдар беру;
- кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау мәселелерін қарастырады.

4.9. Әдістемелік Кеңестің негізгі міндеттері:

- 1) оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің сапа мониторингісін ұйымдастыру;
- 2) білім беру ұйымдарында шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдарды және басқа да материалдарды басып шығаруға жоспарлауды, сараптаманы және ұсынымды ұйымдастыру;
- 3) білім беру ұйымдарындағы оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
- 4) оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жетілдіру жөніндегі озық тәжірибелерді қорытындылау және тарату;
- 5) біліктілікті арттыру, педагогикалық және ғылыми кадрларды қайта даярлау және аттестаттау жүйесін жетілдіру, оқу үдерісінің мазмұнын талдау;
- 6) сапа менеджменті жүйесін дамыту және оқу үдерісін әдістемелік әзірлемелердің нәтижесін енгізу жөніндегі ұсынымдарды дайындау;
- 7) білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмыстарды үйлестіру;
- 8) білім беру ұйымдарында білім беру үдерісінің жаңа және қолданыстағы технологиялар, әдістер, құралдар нысандарын енгізу және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 9) оқытушылардың оқу-әдістемелік бірлестіктерінің шығармашылық (тұрақты және уақытша) орталықтарының жұмысын ұйымдастыру;

10) педагогтік ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды басқару;

11) білім беруді дамыту және басым бағыттарды қалыптастыру және оны іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

12) білім беру саласындағы қызметкерлерді аттестаттауға қатысу.

Әдістемелік кеңес қызметінің негізгі бағыттары:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарын ескере отырып жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын сараптауын ұйымдастыру;

2) құрылымдық бөлімшелердің әдістемелік кеңестердің жұмыс жоспарларын қарау және келісу;

3) жеке пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын талқылау және қолдау;

4) білім беру ұйымдарында оқу үдерісін қамтамасыз ету үшін әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарау;

5) білім беру ұйымдарда әдістемелік қамтамасыз етуге байланысты нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

6) оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электрондық түрде және дидактикалық материалдар ұйымдастыру;

7) өндіріс пен ғылыми технологиялардың басым бағыттарын болжау негізінде білім беру мамандарының (кәсіптерінің) тізбесін жетілдіру жөнінде ұсыныстарды талқылау;

8) оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және педагог қызметкерлеріне, білім беру ұйымдарына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстардың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарау; жекелеген пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын талқылау және бекіту;

9) элективті пәндер каталогын қарау және бекіту;

10) пререквизит және постреквизиттерді бекіту;

11) әдістемелік бірлестіктер қызметінің жылдық жоспарларын келісу және бекіту;

12) білім алушылардың білімін бағалау үшін тест тапсырмаларын және басқа түрлерін әзірлеу және сараптамадан өткізу мәселелері;

13) білім алушылардың өзіндік жұмысын және оқытушының қолдауымен өткізілетін өзіндік жұмыстарды әдістемелік қамтамасыз ету;

14) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

Әдістемелік кеңесті сайлау және оның жұмыс тәртібі.

Әдістемелік кеңестің құрамына оқытушылар, әдіскерлер, әдістемелік бірлестіктердің басшылары, құрылымдық бөлімшелердің, кадрлардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және аттестаттау жөніндегі басшылары, білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары кіреді. Әдістемелік кеңестің құрамы білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Әдістемелік Кеңестің қызметіне басшылықты төраға - білім беру ұйымы басшысының оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

Әдістемелік Кеңес мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады. Әдістемелік кеңестің жұмысы әдістемелік кеңестің отырысында қабылданған және білім беру ұйымының басшысы бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Әдістемелік кеңестің отырысы екі айда кемінде 1 рет өткізіледі.

Әдістемелік кеңестің отырысында қаралған мәселелердің нәтижелері бойынша қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен әдістемелік кеңестің ұсынымдары қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Әдістемелік Кеңес отырысының хаттамаларына және шешімдеріне әдістемелік кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

Әдістемелік кеңес, егер оған оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Әдістемелік кеңестің төрағасы жылына бір рет білім беру ұйымының педагогикалық, ғылыми кеңесінің алдында қызметінің нәтижелері туралы есеп береді.

Әдістемелік кеңестің әрбір мүшесі Кеңестің барлық отырыстарына қатысып, оның жұмысына белсенді қатысып, өзіне жүктелген тапсырмаларды уақытылы және дәл орындауы тиіс.

4.10. Педагогикалық қызмет жөніндегі кеңестің қызметін ұйымдастыру «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен реттеледі

Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің негізгі міндеттері:

- 1) педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;
- 2) білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;
- 3) педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу;
- 4) педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Кеңес өз құзыреті шегінде:

- 1) өз отырыстарында педагогтер мен қаралатын мәселелерге қатысы бар тұлғаларды тыңдайды;
- 2) білім беру ұйымының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және ақпаратты сұратады;
- 3) педагогтер мен қаралып отырған мәселелерге қатысы бар адамдардан түсіндірмелер және (немесе) түсініктемелер талап етеді;
- 4) педагогикалық әдепті бұзу фактілеріне тексеріс жүргізу туралы білім беру ұйымының басшысына ұсыныстар енгізеді;
- 5) білім беру ұйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдептің бұзылуының алдын алу бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 6) білім беру ұйымы басшысының қарауына педагогикалық әдепті бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ұсыныстар енгізеді;
- 7) Кеңестің ұсынымдарын тиісті түрде қарастырмаған білім беру ұйымының лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе тиісті лауазымды тұлғаларға жүгінеді;
- 8) тараптарды татуластыру бойынша жұмыс жүргізеді.

4.11. Мектеп-лицейдің Қамқоршылық кеңесінің жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» бұйрығымен реттеледі

Мектеп-лицейінің Қамқоршылық кеңесі:

- 1) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;
- 2) білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;
- 3) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;
- 4) қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шалаларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;
- 5) қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалуды туралы шешім қабылдайды;
- 6) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді;
- 7) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

- 8) орта білім беру ұйымдары басшысының лауазымына үміткерлермен әңгімелесу қорытындысы бойынша хаттамалық шешім шығарады және келіседі;
- 9) білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуды және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау туралы есебін тыңдайды;
- 10) білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;
- 11) білім беру ұйымының қызметімен, білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге жасалған жағдайлармен танысады, білім беру ұйымының психологын қатыстыра отырып, олармен әңгімелеседі.

Мектеп-лицейінің (құрылымдық бөлімшесі) қызметкерлері Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттарды ұсынуға ықпал етеді.

4.12. Ата-аналар комитеті жалпы мектептегі ата-аналар жиналысында бір жылға сайланады. Олардың мүшелерінің саны ата-аналар кеңесінің шешімімен кластар саны мен оқушылардың ата-аналарды ескеру арқылы бекітіледі. Ата-аналар комитетінің мүшелері Мектеп-лицейдегі тәрбиелеу жұмыстарын жақсарту бойынша мектеп директоры, Педагогикалық кеңес, класс жетекшілердің қарауына ұсыныстар жасайды. Сонымен қатар оқушыларды жаман әдеттерден арылту, балаларды қараусыз қалдырмау және құқық бұзушылық жағдайлардың алдын алу, оқушылардың денсаулығын қорғау мен шынықтыру, оларды тамақтандыру жұмыстарына қатысады. Ол үшін алдымен Мектеп-лицейдің қазіргі жағдайы мен болашақ мүмкіндіктері туралы мектеп директоры мен класс жетекшілердің хабарламалары тыңдалынып, ата-аналар өздері де отбасында балаларды тәрбиелеудегі мәселелермен бөліседі.

## **5. Іске асырылатын оқу бағдарламаларының тізімі**

5.1. Мектеп-лицейдің білім беру бағдарламасы – негізгі (базалық) және қосымша (дамытушы).

5.2. Мектеп-лицей мемлекеттік стандарттар бойынша мемлекеттік оқу бағдарламаларын іске асырады.

5.3. Бастауыштағы жалпы білім беру бағдарламалары оқушының жеке тұлғасының қалыптасуына, оның жеке қабілеттерін дамытуға, жағымды ынталандыру мен оқу барысындағы талабын дамытуға бағытталған: оқу қабілеті, жазу, есептеу, тіл байланысы, шығармашылық өзін-өзі көрсетуі, тәрбие мәдениеті барлығын қалыптастырып, оқу жүйесінің келесі сатысын меңгеруге жібереді.

5.4. Негізгі білім берудегі жалпы орта білім беру бағдарламалары ғылым негіздерін үйретеді, оқушылардың тұлғааралық және ұлтаралық байланыс жасай білуіне, жеке тұлғаның анықталуына және кәсіби дұрыс бейімделуіне бағытталған.

5.5. Жалпы орта білім беретін оқу бағдарламасы келесі білім беру бағдарламаларын қамтиды:

мектепалды дайындық;

1 деңгей: бастауыш жалпы білім;

2 деңгей: негізгі жалпы білім;

3 деңгей: орта жалпы білім;

Қосымша білім беру бағдарламалары – нормативті оқыту мерзімі іске асырылатын бағдарламаға тәуелді анықталады.

Бірінші деңгей оқушылардың дамуын, олардың оқу, жазу, есептеу, оқудағы негізгі қабілеттерді үйретумен, теориялық ойлану, оқу барысында өз-өзін бақылау, мәдени сөйлеу, гигиена мен салауатты өмір салты негіздерін үйренеді. Бастапқы білім негізгі жалпы білім алудың базасы болып анықталады.

Лицей кластарының бірінші деңгейі-бұл бастауыш білім деңгейі (орта мектептің 1-4 кластары) білім алушының бейіналды бастауыш дайындығын қамтамасыз ететін бастауыш мектептің негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеру негізінде білім алушының тұлғасын қалыптастыру және қалыптастыру жағдайларын қамтамасыз етеді. Бұл кезеңде лицей ішкі және сыртқы саралау негізінде білім алушының бастапқы дайындығын аяқтауды қамтамасыз етеді.

Жалпы орта білім берудегі екінші деңгей оқушыларды мектептегі пәндерге тереңірек қызықтырып, тұлғалардың қалыптасуына жағдай жасайды, олардың әлеуметтік өз-өзін тануға деген қызығушылықтарын оятып, жалпы орта (толық) білімнің, бастапқы және орта кәсіби білім алудың базасы ретінде танылады.

Екінші деңгей лицейлік кластарда – бұл орта білімнің (мектептегі 5-9 кластар) оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуының маңызды кезеңі. Ол үшін мектепте негізгі және қосымша оқу бағдарламалары жүргізіледі, яғни білім алушылар негізгі бағдарламамен қатар кәсіби білімді меңгеруге бағыт алады. Бұл кезеңде лицей ішкі және сыртқы саралау негізінде білім алушының базалық дайындығын жалғастыруды қамтамасыз етеді.

Лицей кластарының үшінші деңгейі-бұл жалпы орта білім деңгейі (10-11 орта мектеп кластары) базалық дайындықпен қатар білім алушының бейіналды даярлығын қамтамасыз ететін орта мектептің негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеру негізінде білім алушының жеке басын қалыптастыру және қалыптастыру жағдайларын қамтамасыз етеді. Бұл кезеңде лицей ішкі және сыртқы саралау негізінде білім алушының базалық дайындығын аяқтауды қамтамасыз етеді.

Жағдайға байланысты және оқушылар мен олардың ата-аналары (немесе жауапты азаматтардың) сұраныстарына сәйкес Мектеп-лицей әр түрлі бағыт-бағдарлар бойынша оқытады.

#### 5.6. Оқушыларды аралық аттестациялау

1. Аралық аттестаттау кезінде бағалаудың сапалық ("сынақтан өтті", "сынақтан өтпеді"), сондай-ақ бес балдық (5-"өте жақсы", 4-"Жақсы", 3-"қанағаттанарлық", 2 - "қанағаттанарлықсыз") жүйесі белгіленеді.

2. Аралық аттестациялауды жүргізу реті мен аударма емтихандар мектеп директоры бекіткен жылдық оқу бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

3. 2-11 класс оқушылары әр тоқсан соңында барлық өткен пәндері бойынша қорытынды бағаланады, ал 1-класс оқушылары II жарты жылдықтан бастап бағалана бастайды. Бұл тармақ уәкілетті органдардың бұйрықтарымен реттеледі.

#### 5.7. Оқушыларды қорытынды аттестациялау.

Жалпы және орта білім берудегі жалпы орта білім беру бағдаламаларын меңгеру мектеп-лицейде мемлекеттік мектеп бітірушілерді міндетті қорытынды аттестациялау арқылы бағалайды. Ол үлгерімді бағалаудың ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген О»рта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады. Аттестаттаудан сәтті өткен түлектерге белгіленген үлгідегі мекеменің мөрімен расталған аттестаттар беріледі.

#### 5.8. Оқушыларды келесі кластарға көшіру реті:

1) Оқу жылындағы оқу бағдарламасын сәтті меңгерген оқушылар, яғни өтпелі және қорытынды емтихан қорытындылары бойынша мектеп-лицейдегі мұғалімдер кеңесі тізім жасап, балалар директордың бұйрығы арқылы келесі класқа өткізіледі.

2) Келесі класқа оқу жылының қорытындысы бойынша бір академиялық қарызы бар оқушылар шартты жағдайда ғана келесі класқа өткізілуі мүмкін. Келесі оқу жылы барысында оқудан шығару жауапкершілігі оқушының ата-аналарына (занды жауапты тұлғаларға) аударылады.

3) Жалпы негізгі орта білім сатысында білім алушылар егер оқу жылының бағдарламасындағы екі немесе одан да көп пәндерді меңгере алмаса, орнынан қалдырылып, қайта оқуы қажет.

4) Оқушыларды лицейлік кластан негізгі сатыға ауыстыру Мектеп-лицейдегі Мұғалімдер кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

5) Өткен жылдағы оқу бағдарламасын меңгере алмаған оқушылар жалпы орта білім алу жүйесінің келесі сатысына өткізілмейді.

6) Информатика мен математиканы (алгебра, геометрия, алгебра және талдау негіздері) тереңдетіп оқытатын лицей класында білім алушылар мектеп-лицейдің Жарғысына сәйкес ата-аналарының (занды өкілдерінің) өтініші бойынша дәстүрлі оқыту бағдарламасымен жалпы білім беретін кластарға оқудан шығарылуы және/немесе ауыстырылуы мүмкін.

5.9. Оқушыларды оқыту режимі.

1) Оқу жылы қыркүйек айынан басталады.

2) Оқу жылының ұзақтығы, оқу аптасы, демалыс уақыты мен ұзықтығы Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.

3) Мектеп-лицей бес күндік оқу аптасымен жұмыс жасайды. Сабақтардың ұзақтығы 1-11 кластар үшін 40 минут, мектепке дайындық кластары үшін 35 минут.

4) Оқу жылының ұзақтығы 34 аптадан кем емес. Демалыстардың ұзақтығы 30 күннен кем емес, жаз мезгілінде – 8 аптадай. Ал мектепке дайындық және бірінші клас оқушылары үшін қосымша демалыстар беріледі.

5) Сабақтардың реті, олардың ұзақтығы мен араларындағы үзілістер сабақ кестесінде және күн тәртібінде көрсетіледі, директормен бекітіледі.

5.10 Оқу топтарының саны мен толықтығы.

1) Мектеп-лицейдегі кластар саны жазылған арыздар мен оқыту жағдайына байланысты құрылады. Бұл жерде санитарлық нормалар ескеріледі және кеңесе келе, директордың сәйкес бұйрығымен бекітіледі.

Информатика мен математиканы (алгебра, геометрия, алгебра және талдау негіздері) тереңдетіп оқытатын лицей сыныптарындағы білім алушылардың саны 20-дан 25 адамға дейін белгіленеді.

2) 1-11 класс оқушыларына МЖБС бойынша келісілген пәндерді оқытуда сабақ жүргізу барысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкес бастауыш, орта негізгі және жалпы орта білім алушы оқушылар класта оқу бағдарламасына байланысты екі топқа бөлініп оқытылады.

## **6. Мектеп-лицейге оқушыларды қабылдау тәртібі**

6.1. Мектеп-лицейге қабылдау реті сәйкесінше типтік ережелер бойынша бекітіледі.

6.2. Мектеп-лицейіне осы оқу жылында 6-7 жасқа толған балалар қабылданады. Оқушыларды 1-класта оқуы үшін өтініштер қабылдау «Жалпы орта білім беретін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім бағдарламалар бойынша оқушылардың құжаттарын қабылдау және тізімге алу ведомстводан тәуелсіз» мемлекеттік қызметтер стандарттарына сәйес жүргізіледі. Мектеп-лицейіне қабылдау директордың бұйрығымен бекітіледі.

6.3. Мектеп-лицейінің жалпы білім алу кластарына мектеп қалашығы орналасқан аймақтағы барлық балалар оқуға құқылы. Балаларды қабылдау ата-аналардың жазбаша арыздарының негізінде және қабылдау комиссиясының ұсынысымен қатар қарастырылып, мектеп директорының бұйрығымен орындалады.

Ал денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы мектепке бара алмайтын оқушыларға жеке тегін арнайы үйде немесе емдеу орындарында оқыту қолға алынған (ҚР «Білім туралы» Заңы, 5 б., 8 б.).

Мектепке қабылдау ата-аналардың жазбаша арызы негізінде (немесе өзге жауапты тұлға) медициналық анықтамамен қоса, туу туралы куәлік көшірмесі, ПМПК шешімімен (болса) құжаттарымен қабылданады.

6.4. Мектеп-лицей оқуға келген оқушылар мен олардың ата-аналарын (заңды жауапты тұлғаларды) Жарғымен және басқа да Мектеп-лицейдегі орнатылған ережелермен таныстырады.

6.5. Информатика мен математиканы (алгебра, геометрия, алгебра және талдау негіздері) тереңдетіп оқытатын лицей кластарына қабылдау ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады.

6.6. Информатика мен математиканы (алгебра, геометрия, алгебра және талдау негіздері) тереңдетіп оқытатын лицей кластарына қабылдау мектеп-лицей директорының бұйрығымен рәсімделеді. Қабылдау кезінде директор білім алушыны және оның ата-анасын осы Жарғымен таныстыруға міндетті.

6.7. Лицей кластарына қабылдану ата-ананың (белгілі жауапты тұлға) арнайы жазбаша арыздары негізінде қарастырылады.

6.8. Қабылдау даярлығы жоғары білім алушылар қатарынан конкурстық негізде жүргізіледі. Лицей кластары білім алушыларының білім деңгейі конкурстық сынақтардың нәтижелері бойынша айқындалады.

6.9. Бастауыш мектептің лицей кластарында оқуға үміткер білім алушылар үшін математика, оқыту тілі (қазақ және орыс тілі), логика бойынша кешенді тестілеу өткізіледі. Негізгі және орта мектептің лицей кластарында оқуға үміткер білім алушылар үшін информатика, математика (алгебра, геометрия, алгебра және талдау негіздері), оқыту тілі (қазақ және орыс тілі), математикалық сауаттылық бойынша кешенді тестілеу өткізіледі.

6.10. Басқа оқу орнынан ауысып келгенде, оқушылар бірден мектеп Директорының бұйрығымен оқу кластарына алынуы мүмкін. Ал мектеп-лицейге жазғы мезгілде ауысып келгенде, ондағы оқу бағдарламалары өзгеше болғанда лицейлік кластарға қабылдану белгіленген шарттармен іске асырылуы мүмкін.

6.11. Лицейлік класта оқитындар параллельді базалық, яғни дәстүрлі бағдарламамен оқытатын кластарға еркін ауысу құқығы болады.

## **7. Білім беру үдерісін ұйымдастыру тәртібі**

7.1. Мектеп-лицейіндегі оқыту-тәрбиелеу үдерісі оқыту жұмыстарының оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары бойынша іске асырылады, олар Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкес, мемлекеттік оқу жоспары мен тақырыптық жоспарлар түрінде Мектеп-лицей директорының бекітуімен жүзеге асырылады.

7.2. Мектеп-лицейде оқыту және тәрбиелеу қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

7.3. Мектеп-лицей оқу формасын, оқыту әдістерін, құралдарын Қазақстан Республикасының бекіткен заңдарының аясында еркін тандап, қызмет етеді.

7.4. Мектеп-лицейі іске асыратын оқыту-тәрбиелеу үдерісін жоспарлау мен есептеу оқыту-тәрбиелеу үдерісінің негізі болып табылады.

7.5. Оқу-тәрбие жұмысын бақылау оқу бағдарламалары мен жоспарларының толықтай өз уақытында және сапалы орындалуын қамтамасыз етуі қажет.

7.6. Мектеп-лицейде оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын жоспарлау бір жылдық оқыту-тәрбиелеу жұмыстарының графигі мен теориялық және практикалық сабақтардың кестесін бекіту арқылы іске асырылады.

7.7. Мектеп-лицейде оқыту-тәрбиелеу жұмыстарының есебі оқыту журналы есебі мен оқу сабақтары барысында оқу бағдарламаларын орындау таблицасын жүргізу арқылы жасалады.

7.8. Білім мен ғылымды біріктіру мақсатында, оқыту-тәрбиелеу үдерісін қамтамасыз ету мен жетілдіру үшін, оқытудың жаңа технологияларын ойлап шығару мен енгізу үшін, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін Мектеп-лицейде оқыту-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстар орындалады.

7.9. Мектеп-лицейдегі тәрбиелеу жұмыстары білім беру процесінің бір бөлігі болып табылады және патриотизмді, азаматтылықты, интернационализмді, биік өнеге мен адамгершілікті қалыптастыруға, сондай-ақ оқушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталады.

7.10. Ұлттық, этникалық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен өзгешелікті үгіттеу, милитаристтік және өзге де идеялардың, жалпы қабылданған дүниежүзілік құқық пен гуманизм қағидаларына қарсы, сонымен қатар киімдегі діни белгілерді ерекше көрсетіп жүруге тыйым салынады.

7.11. Бони бас киімі, тақия, орамалдар, хиджаб, паранджа, никаб, шадра және басқа да діни сипаттағы бас киімдер мен киімдерді киюге рұқсат жоқ. Тобыққа дейін қысқартылған шалбарлар киюге де тыйым салынған.

7.12. Мектептегі кластар саны санитарлық нормалар мен жалпы білім беруге қажетті қолайлы жағдайларға байланысты анықталады. Кластардың толық болуы кем дегенде 24 адамнан болуы шарт. Қажетті жағдайлар мен қаражаттардың болған уақытында азырақ адам санымен кластарды жинауға болады.

7.13. Мектептегі тәртіп оқушылар мен педагогикалық қызметкерлердің адамдық құндылықтарын құрметтеу негізінде сақталады. Оқыту-тәрбиелеу процесі өзара-құрмет арқылы іске асырылады.

7.14. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде физикалық, моральдық және психикалық күштеу әдістерін қолдануға жол берілмейді.

7.15. Әскерге шақыруға дейінгі және әскерге шақыру жасындағы білім алушылардың Бастапқы әскери және технологиялық даярлығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жалпы орта білім берудің оқу бағдарламасы негізінде мектеп-лицейде жүзеге асырылады.

7.16. Мектеп-лицейдегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде және Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» заңнамасына сай жүзеге асырылады.

7.17. Мектеп-лицей қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, сонымен бірге орыс тілі мен ағылшын тілін мемлекеттік стандарттарға сәйкес оқуды қамтамасыз етеді.

7.18. Оқу үдерісі сабақтар жүйесінен тұрады, оларда оқытудың бірнеше әдістері қолданылады: жеке, ұжымдық, топтық, өзіндік.

7.19. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі ағымдағы эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалар, Денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары мен ұсынымдары негізінде дайындалған мектеп-лицей бекітетін ережелермен айқындалады.

7.20. Оқу жылының ұзақтығы, демалыс мерзімі мен ұзақтығы жылдық күнтізбелік жоспарда қойылады. Сабақтардың реті сабақ кестелері мен күн тәртібінше көрсетіліп, Мектеп-лицейдің директорымен бекітіледі. Оқушылармен жеке, сабақтан тыс жұмыстар график бойынша сабақтан тыс уақытта жүргізіледі.

7.21. Мектеп-лицейдегі жиынтық-кластар саны оқушылар саны мен білім беру үдерісінде міндетті санитарлық нормалар мен ережелердің сақталу мүмкіндігін ескере отырып, оқу процесін толық жүргізуге қолайлы жағдайларға байланысты анықталады.

7.22. Білім және ғылым министрінің 14.01.2016 жылғы № 26 бұйрығы негізінде мектеп-лицейде ақ-сұр түсті бірыңғай мектеп формасы сақталады:

Ұлдар үшін: жейде (бомбер), ақ түсті, күнделікті ақ түсті поло мен тобықтан түсіп тұратын классикалық шалбар, ақ табанды қара аяқ киім. (Қысқы уақытта трикотаж кеудешеге рұқсат етіледі).

Қыздар үшін жейде (бомбер), классикалық белдемше, ақ түсті күнделікті поло, табаны ақ, ақ аяқ киім (қысқы мезгілде трикотаж кеудешеге киюге болады).

7.23. Мектепте смартфон алып жүру және қолдануға тыйым салынады.

7.24. Мектеп-лицей ҚР заңдарына сәйкес мына жағдайларда жауапқа тартылады:

- мектеп-лицей өз қызметін толық орындамағанда;
- білім бағдарламаларын оқу жоспарлары мен оқу үдерісінің күн тәртібіне сәйкес емес жүргізгенде;
- өз түлектерінің білім сапаларына;
- оқушылар мен оқытушылардың оқу-тәрбие жұмыстары барысындағы денсаулығы мен өміріне;
- мектеп оқушылары мен жұмысшыларының құқықтары мен бостандықтарын бұзғанда;
- мемлекеттік мүлікті сақтау мен тиімді ұстауында.

## **8. Білім деңгейіндегі ағымдық бақылау, оқушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды жүргізудің түрлері мен реті**

8.1. Білім алушылардың білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында мектеп-лицей білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүзеге асырады.

8.2. Мектеп-лицей білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізудің нысандарын, тәртібін және мерзімділігін өз бетінше таңдайды.

8.3. Ағымдағы аттестациялау түрін оқытушы өзі анықтайды. Тоқсандық немесе жартыжылдық бағалар, ережеге сай, барлық тәжірибелік, өзіндік жұмыстардың орташа арифметикалық нәтижелерінен асып кетпеуі тиіс.

8.4. Білімді ағымдағы бақылау жүйесі электрондық журнал негізінде жүргізіледі. Толық көлемде білім беру бағдарламаларын меңгерген білім алушылар келесі класқа ауыстырылады. Өздеріне байланысты емес жағдайлар бойынша оқу уақытының жартысынан астамын өткізіп алған білім алушылар аттестатталмайды.

8.5. Оқу жылының бағдарламасын сәтті меңгерген білім алушылар мектеп-лицейдің педагогикалық кеңесінің директор бекіткен шешімімен келесі класқа ауыстырылады. Оқу жылының бағдарламасын «өте жақсы» деген бағаға меңгерген білім алушылар ҚР БҒМ бекіткен аралық, қорытынды аттестаттауды өткізу қағидаларына сәйкес келесі сыныпқа ауыстырылады.

8.6. Жаңартылған білім мазмұнының бағдарламасы бойынша білім алушылардың білім жетістігі деңгейін бағалау жүйесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бұйрығымен бекітілген нұсқаулығы негізінде анықталады.

8.7. Бөлім үшін жиынтық бағалауды және тоқсан үшін жиынтық бағалауды өткізу білім алушының білім деңгейін бақылау мен диагностикалаудың міндетті нысаны болып табылады. Бөлім үшін жиынтық бағалаудың және тоқсан үшін жиынтық бағалаудың мазмұны мен ұйымдастыру тәртібі мектеп-лицейдің педагогикалық кеңесінің шешімімен регламенттеледі және директормен бекітіледі.

8.8. Бөлім үшін жиынтық бағалауды және тоқсан үшін жиынтық бағалауды жүргізу кезінде бағалаудың балдық жүйесі пайдаланылады, сондай-ақ, педагогикалық кеңестің шешімімен жекелеген пәндер бойынша бағалау ретінде «сынақтан өтті», «сынақтан өтпеді» деген екі деңгейлі бағаға рұқсат етіледі.

8.9. Негізгі орта, жалпы орта білім алу бағдарламаларын меңгеру оқушылардың міндетту аттестациялануы арқылы қорытындыланады.

8.10. Білім алушылар медициналық комиссияның қорытындысы негізінде науқастануы бойынша қорытынды аттестаттаудан босатылуы мүмкін. Емтихандардан босатуға құқық беретін аурулардың тізбесін ҚР Білім және ғылым министрлігі белгілейді.

8.11. Жалпы және орта білім бағдарламаларын меңгеру түлектердің міндетті аттестациялары арқылы қорытындыланады, ол ағымдағы үлгерімді бақылаудың Типтік

ережелеріне сәйкес, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мекемелерде аралық және қорытынды аттестациялау түрінде іске асырылады.

8.12. Мектеп-лицейдегі қорытынды аттестация мемлекеттік бітіру емтихандары түрінде жүргізіледі.

8.13. Білімді ұйымдастыру ата-аналар мен басқа да заңды тұлғаларға оқушылардың, кәмелетке толмаған жастардың оқу-тәрбие үдерісімен тануысуына, бастысы оқушылардың үлгерімінен хабардар болып отыруларына үлкен мүмкіндік береді (электронды журнал арқылы <https://kundelik.kz/>)

## **9. Оқушыларды оқудан шығару негіздері мен реті**

9.1. Өткен деңгейдің оқу бағдарламасын меңгермеген оқушылар білім алудың келесі сатысына жіберілмейді (тек психикалық-медициналық-педагогикалық комиссиядан өткен, анықтама қағазы бар оқушылар бөлек).

9.2. Мектеп-лицейден оқушы мектеп директорының бұйрығымен келесі негіздерде шығарылуы мүмкін:

Ата-аналардың қалауы бойынша (немесе заңды жауапты тұлға) – оқушының басқа білім алу орнына немесе басқа оқу формасына ауысуына байланысты;

9.3. Жетім балалар мен ата-анасының қарауынсыз қалған балаларды оқудан шығару асыраушылар мен қамқоршылар органдарының келісімімен іске асырылады.

9.4. Физика мен информатиканы тереңдетіп оқитын лицей класының оқушылары ата-аналарының (жауапты тұлғалардың) Мектеп Жарғысына сәйкес арыздары негізінде кәдімгі дәстүрлі кластарға ауыстырылуы мүмкін.

9.5. Оқушыны физика мен информатиканы тереңдетіп оқитын кластан шығару шешімі педагогикалық кеңеспен төмендегі жағдайларда қарастырылады:

- Аралық (қорытынды) аттестациялау нәтижесінде қанағаттанарлықсыз баға алғанда;
- Лицейдегі маңызды саналатын бейіндік пәндерден жыл бойы қанағаттанарлықсыз баға алғанда;
- Оқу пәндері мен үй тапсырмаларын қалыпты режиммен игеруді ғана, яғни денсаулыққа көп жүктеме салмауды талап ететін, медициналық шешім негізінде;
- Жақсы оқу бағалары бола тұра, лицей оқушысы атағына сай емес тәртібі үшін.

9.6. Орта білім беретін мемлекеттік мекемелерден он алты жасқа дейінгі балалар құқыққа қарсы әрекеттерді жасағаны үшін, білім беруді ұйымдастыру мекемесінің жарғысын қатты және бірнеше рет бұзғаны үшін оқудан шығарылады.

Жетім балалар мен ата-аналарының қарауынсыз қалған балаларды оқудан шығару асырап алушылар мен қамқоршылар органдарының шешімімен қабылданады.

## **10. Ақылы білім беру қызметтерінің тізімі мен тәртібі**

10.1. Бекітілген Ережелерге сәйкес тауарларға (жұмыс, қызметтерге) мемлекеттік білім беру мекемелерінде ақылы қызмет түрлерін көрсету мен тауарларға (жұмыс, қызметтерге) қаражат жұмсау ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес іске асырылады. Сонымен қатар ата-аналардың сұранысына байланысты Мектеп-лицейде қосымша ақылы білім беру жүйесі енгізіледі.

10.2. Мемлекеттік мекеме білім берудің мемлекеттік жалпы білім беретін стандарттарының талаптарынан тыс ақылы негізде мынадай қызметтер көрсете алады:

- қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейінділіктерін мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру.
- оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

- пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру.
- білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек адамдар арасында әр түрлі спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;
- білім беру ордаларында жазғы демалысты ұйымдастыру, оқушыларды, демалысқа қатысты шараларды ұйымдастырушыларды тамақпен қамтамасыз ету;
- кәсіби білім беруді ұйымдастыру (техникалық және қызмет көрсету мамандарын қайта тағайындау мен біліктілігін арттыру).

10.3. Ақылы білім беру қызметтеріне жататындар:

- қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызметтер;
- арнайы курстарды және пәндер циклын қосымша оқыту бойынша қызметтер;
- репетиторлық қызметтер (жекелеген оқушылармен оқу жоспарындағы сағаттардан тыс қосымша сабақтар өткізу);
- үйірме жұмыстарын ұйымдастыру қызметі (базистік оқу жоспарынан тыс);
- басқа да ақылы қызметтер.

10.4. Ақылы қызметтер мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметінің орнына көрсетілмейді.

10.5. Базалық оқу жоспарынан түскен артық ақша қызметкерлерге өткізген сабақтары үшін бекітілген жалақы, қосымша үстемеақы және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдерге және шаруашылық шығындарына, жабдықтар мен мүліктер сатып алуға жұмсалады.

10.6. Ақылы білім беру қызметі мемлекеттік стандартының негізінде жасалып, эксперт кеңесімен келісілген және Ақтөбе қаласының білім бөлімімен бекітілген оқу жоспары бойынша ұсынылады.

10.7. Қосымша ақылы білім беру қызметінің тізімі қалалық эксперттік комиссияның шешімі және Ақтөбе қаласының білім бөлімінің бұйрығы негізінде мектеп бұйрығы бойынша бекітіледі.

10.8. Мектеп директоры ғылыми-әдістемелік жетекшілікті қосымша орындайды.

10.9. Ақылы қосымша білім беру қызметі Мектеп-лицей мен оқушылардың ата-аналары немесе басқа заңды жауапты тұлғалар арасында жасалған келісімшарт негізінде жекелеген бөлек күн тәртібі бойынша жүргізіледі.

10.10. Мемлекеттік білім беру мекемелері ақылы негізде ұсынатын тауарлар (жұмыстарға және қызметтер көрсетуге) бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

10.11. Ақылы негізде қызметтер көрсететін білім беру ұйымдарының және білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының немесе өзге да заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.

10.12. Лицей кассаларында қосымша сабақтарды төлеуге жағдай жасалуы мүмкін, ол ақылы пәндер негізгі пәндер бойынша өткізілетін қосымша сабақтардың орнын баспайды, жалпы мектеп пен оқушылардың ата-аналары (жауапты тұлғалар) арасындағы келісімшартта барлық жағдай қарастырылады. Әсіресе қосымша сабақтардағы өтетін білім деңгейі, оқыту ұзақтығы, төленетін ақы көлемі, басқа да қызметтер көрсетіледі.

Егер келісім жасалған бір уақытта барлық қосымша сабақтардың құны бірден төленіп қойылса, онда жыл соңына дейін баға өзгертілмей сақталады.

Ал сатылық бөліп төлеген кезде оқыту бағасы өзгеруі мүмкін, себебі жалақы көлемі өзгеріп, инфляция индексі әсерінен баға бірнеше рет ауысуына себеп болады.

10.13. Ақылы қызметтерден түскен қаражат білім беру процесіне қайта салынады, оның ішінде оқытуға қажет оқу құрылғылары, әдебиеттер, мұғалімдердің қосымша еңбек бағасын төлеу, Мектеп-лицейдің материалдық қажеттіліктерін өтеуге жұмсалады.

10.14. Лицей кластарының жағдайын қаржыландыру Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен бекітіледі.

10.15. Лицей кластарындағы факультативтерге және қосымша курстарды ұйымдастыруға вариатив бөлігінен қажет сағаттар бөлінеді. Жекелеген топтарда 10 адамнан кем емес болуы шарт.

10.16. Лицейлік құрам қамтамасыз етеді:

1) оқыту сабақтарын, жекелеген дамыту бағдарламаларын, инновациялық әдістер мен технологияларды ұсынады;

2) Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін, лицейдің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін жаңа оқыту бағдарламаларын енгізу.

## **11. Мектеп-лицей мен оқушылардың, олардың ата-аналарының қатынастарын реттеу және рәсімдеу. Оқушылардың, ата-аналардың немесе заңды жауапты тұлғалардың құқықтары мен міндеттері**

11.1. Мекеменің жұмысы жергілікті актілердің келесі түрлерімен реттеледі:

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің бұйрықтары;
- Білім беру басқармасы органдарының бұйрықтары;
- Мектеп-лицей директорының бұйрықтары мен жарлықтары;
- Ішкі тәртіп ережелері.

11.2. Білім беру үрдісі қатысушылары, олар оқушылар, мектептің педагогикалық қызметкерлері, оқушылардың ата-аналары (немесе өзге де заңды өкілдері) болып табылады.

11.3. Кәмелет жасқа толмаған оқушылардың ата-аналары мен жауапты тұлғалар құқылы:

1) Мекеме Жарғысымен және басқа да білім беруді ұйымдастыруға рұқсат беретін құжаттармен танысуға;

2) Баланың жеке қабілеттері мен қызығушылықтарына байланысты білім беру орнын таңдауға;

3) Ата-аналар комитеті арқылы басқарылатын Мектеп-лицейдің басқару органдарының жұмыстарына қатысуға;

4) өзінің балаларының үлгерімі, тәртібі мен оқу жағдайы жайында Мектеп-лицейден ақпарат алуға;

б) келісімшарт негізінде балаларының қосымша қызметтер алуына жағдай жасауға.

11.4. Ата-аналар және басқа заңды жауапты тұлғалар (Қазақстан Республикасының 27 шілде 2007 жыл №319-III «Білім туралы» заңына сәйкес) мына әрекеттерді орындауға міндеттеледі:

- балалардың өздері мен денсаулықтарына қауіпсіз оқу мен өмір жағдайын жасау, интеллектуалды және физикалық күштерін дамыту, адамгершілікті қалыптастыру;
- мектеп жарғысымен белгіленген міндеттерді орындау;
- мектеп қызметкерлерінің абыройы мен намысын құрметтеу;
- мектеп формасына қатысты қойылған шарттарды орындау,
- өзінің балалардың тәрбиесі мен оқуына жауапкершілікпен қарау.
  - - Білім алушы мектеп мүлкін бүлдірген жағдайда ата-ана немесе өзге де заңды өкіл мектептің материалдық мүлкіне келтірілген залалды өтеуге міндетті

11.5. Мектеп оқушыларының құқықтары мен міндеттері.

Толық құқығы бар:

- мемлекеттік стандарттарға сәйкес ақысыз білім алу;
- өзінің ары мен намысын қорғауға. егер оған қарсы құқық бұзушылық әрекеттер жасалса, кез келген педагогикалық қызметкерге көмекке жүгіне алады;
- ой еркіндігі, діни сенім еркіндігі, таңдау еркіндігі;
- сабақтардан кейін болатын маңызды білімдік сипаттағы мектепшілік барлық шараларға қатысу;

- сабақ үлгеріміне қарамастан мұғалім мен мектеп әкімшілігі жағынан жақсы қарым-қатынаста болу;
- мектеп Жарғысы мен заңнамаларға қарсы келмейтін, өзіндік қоғамдық ұйымдарды құруға атсалысу;
- егер болса, ақылы білім беру қызметтерін алу;
- әрбір пән бойынша өзінің білімі, қабілеттері мен икемлілігін бағалау, бағалары туралы хабардар болу;
- бақылау жұмыстарының мерзімі мен тақырыбы туралы алдын ала білу;
- сабақтар арасындағы үзілісте және каникулда демалу, жазғы демалыста тапсырма алмау (тек әдеби кітаптарды оқудан бөлек);
- үзіліс уақытында мектепте еркін қозғалу, тек қауіпсіздік мақсатында тыйым салынған жерлерге бармау (шатырдың асты, жертөле, ас үйі, спорт залы).

#### 11.6. Оқушы міндетті:

- ішкі тәртіп ережелерін және мектеп-лицей жарғысын сақтау;
- өз-өзін лайықты ұстау, қоршаған ортаға мейірімді болу;
- үлкендерді құрметтеу, кішілерге қамқор болу;
- мектептегі сабаққа 10 минут бұрын келу;
- сабақ барысында ұялы телефонды қолданбау, мектеп аумағына дәрімен ататын және суық қару, кастет, айырсадақ, пышақтар, жарылғаш және өртенгіш құралдарды, спиртті ішімдіктерді, есірткі және басқа да естен айыратын заттарды әкелмеу;
- балағат сөздер айтпау, ұятсыз қимылдарды жасамау;
- мектеп-лицей ғимаратынан жай шықпау, оның аумағынан ескертусіз, себепсіз, мектеп әкімшілігі, медициналық қызметкердің рұқсатынсыз кесте бойынша сабақтар аяқталған уақытқа дейін кетіп қалмау;
- егер сабақтан қатарынан екі күн бойы қалатыны жағдай болса, класс жетекшіге ата-аналардың атынан сабақтан қалу себебі түсіндірілген жазба жіберу;
- егер үш және одан да күн сабақтан қалған жағдайда медициналық мекемелерден арнайы анықтама алып келу;
- оқу барысында және демалыс уақытында сағат 22-00-ден кейін қоғамдық көңіл көтеретін орындарда жүрмеу;
- мектеп мүлкін қорғау, өзінің және өзге адамдардың заттарына жақсы қарау, мектеп пен оның аумағында тазалық пен тәртіпті сақтау;
- айналадағы барлық адамдардың құқықтары, ары мен абыройын, жеке меншік иеліктерін құрметтеу;
- салауатты өмір салтын ұстану, мәдени деңгейді көтеру, қоғамдық құндылықтарға қарсы әрекеттерден аулақ болу;
- мектеп оқушысының ары, абыройын, мектептегі дәстүрлерді құрметтеу;
- мектеп аумағынан жоғалған не ұмыт қалдырылған заттарды тауып алғанда, оларды мектеп-лицейдің жоғалған заттар бюросына тапсыру;
- үй тапсырмаларын мұғалім айтқан мерзімге үлгеріп тапсыру;
- мектеп күнделігін толтырып жүру және мұғалім сұрағанда алып бару;
- сабақтарда, үзілістерде мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі талап етіп қойған ережелерді сақтау;
- жинақы болып жүру, мектеп формасын кию;
- мектепте ашық түсті, үлкен әшекей бұйымдарын, сән үлгісіне тән әшекей бұйымдарын (пирсинг, алқа, білезік, сақина, татуаж), діни сенімді білдіретін әшекейлер, сонымен қатар көз, қас, ерін, тырнақты бояйтын бояуларды қолданбау;
- санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау үшін мектепте әрқашан екінші ауыстыратын аяқ киім апару.

Мектеп оқушыларына тыйым салынады:

- Қару, спирттік ішімдіктер, темекі өнімдері, токсинді және есірткі заттарын алып келуге және қолдануға;

- Мектепке ұялы телефонды апару және қолдануға;
- Жарылыс пен өртке алып келетін кез келген заттар мен құралдарды әкелуге;
- Қарым-қатынасты анықтау үшін физикалық күшті, қорқыту әрекеттерін жасамау;
- Артынан қоғам үшін қауіпті салдарды туындататын, мәселен итеру, заттармен ұру, бір нәрсені лақтыру, мектеп ғимаратында жүгіру (спортзалдан тыс), әлімжеттік көрсетуге болмайды.

11.7. Жоғарыдағы аталған тәртіп бұзушылықтармен қатар қоғамдық тәртіпті бұзу әрекеттері, адамгершілік нормалары мен денсаулықты қорғау, басқа адамдардың бостандығы мен құқықтарына зиян істерді жасауға болмайды. Оқушылар талапты бұзған жағдайда тәртіптерді реттеу шаралары қолданылуы мүмкін.

11.8. Білім алушылар ұжымының қызметі мектеп Кеңесімен ұйымдастырылады. Мектеп Кеңесінің жұмысы оқу сапасын арттыруға, тәрбие жұмысын жақсартуға, оқуға қатысты қаржы мәселелерін шешуге, сапалы материалдық-техникалық базаны қамтамасыз етуге, тиімді қоғамдық пайдалы еңбек жасауға, оқушылар демалысын ұйымдастыруға бағытталады.

11.9. Мектеп кеңесінің шешімі білім саласындағы Қазақстанның заңнамасына және осы Жарғыға қарсы келмесе барлық оқушылар орындауға міндетті.

11.10. Мектеп білім алушылары өз өзіне қызмет жасайды және жас еркшелік, жыныс, балалардың физикалық мүмкіндіктеріне, гигиена нормалары мен шарттарына және қауіпсіздік техникаларын ескере отырып, басқа да қоғамдық еңбектерге араласады. Санитарлық-гигиеналық еңбек нормалары мен қауіпсіздік техникасын бақылау мектеп әкімшілігіне, медициналық қызметкерге, мұғалімдер, сынып жетекшілер мен мектеп кеңесіне жүктеледі.

11.11. Оқушыларды қоғамдық істерді жасау үшін, спорттық жарыстарға қатысуы үшін және өзге де шараларға қатысуы үшін сабақтардан босатылуы туралы шешімді ерекше жағдайларда мұғалімдер мен оқушылардың пікірін ескере келе мектеп әкімділігі қабылдайды. Туристтік саяхаттар мен экскурсиялар педагогикалық қызметкерлердің бақылауымен, алдын ала бекітілген мерзімде ұйымдастырылады.

11.12. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне байланысты жастарды өндірістік еңбекке баулу үшін ол жұмыстар денсаулыққа зиян болмау керек және оқу үдерісіне кедергі болмауы шарт. Жұмыстарға жасы 14-ке толған, жаз мезгілінде жұмыс жасай алатын, жұмыс жасауына ата-анасының біреуі не оларға жауапты тұлғалар рұқсат беруі қажет.

11.13. 18 жасқа томаған оқушылар үшін жазғы демалыс уақытындағы жұмыс уақыты төмендегідей:

- 16-18 жас аралығындағы оқушылар – аптасына 36 сағаттан артық емес;
- 14-16 жас аралығындағылар – аптасына 24 сағаттай жұмыс жасай алады.

11.14. Жал бойы сабақтан тыс жұмыс жасайын оқушылардың жұмыс уақытының ұзақтығы жоғарыда белгіленген талаптарға сәйкес демалыс уақытында да қалыптан аспауы тиіс.

## **12. Мектеп-лицейдегі жұмысшылардың құқықтары мен міндеттері**

12.1. Мектеп-лицейдегі жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

- Мектеп-лицей қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі ҚР заңнамаларында көрсетілген тәртіппен анықталады.
- Мектеп-лицейге жұмысқа қабылдау тәртібі Еңбек заңнамасында бекітілген жеке еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады.
- Қызметкерлердің еңбекақысы мен лауазымдық төлемақылары олардың біліміне, жұмыс өтіліне және біліктілік санатына сәйкес белгіленеді.

- Мектептің еңбек ұжымының мүшесі сонда тұрақты жұмыс жасайтын адам болып табылады.

12.2. Мектеп-лицейде педагогқа жетекші рөл беріледі. Педагогтың «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ Заңына сәйкес міндеті:

- мектеп-лицейде қабылданған ішкі тәртіп ережелері мен жарғысын сақтау, жалпы жиналыстардың, мектеп-лицей әкімшілігінің шешімдерін орындау;
- өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттерді меңгеру;
- оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидаттарын сақтау, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз ету;
- өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруға (растауға);
- педагогикалық әдепті сақтау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық тексеруден өту;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-аналарына, үлкендеріне, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет, жоғары адамгершілік, патриотизм, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеу;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;
- өмірлік қиын жағдайда жүрген баланы анықтау фактілері туралы білім беру ұйымының басшылығына дереу хабарлау;
- құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына Қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәметке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы дереу хабарлау;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге кеңес беру.

12.3. Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға, не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру үшін, азаматтардың әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілілігі, діни немесе тілдік қатыстылығы, олардың дінге көзқарасы белгісі бойынша айрықшалығын, артықшылығын не кемдігін насихаттайтпау мақсатында үгіттеу үшін, оның ішінде білім алушыларға тарихи, ұлттық немесе діни наным-сенімдер туралы, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекеттерге итермелеуге пайдану құқығына ие емес.

Міндеттері мен педагогикалық әдеп нормаларын бұзғаны үшін мектеп-лицейдің педагогикалық қызметкері ҚР Еңбек кодексінде, Қазақстан Республикасының заңдары мен заңға тәуелді актілерінде, педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің шешімімен қарастырылған жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

12.4. Педагог қызметкерлерінің құқығы бар:

- білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шарттары;

- лауазымды және басқа тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғау;
- білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан мамандыққа құрметпен қарау және тиісті мінез-құлық;
- ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету және кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау;
- ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыру, педагогикалық тәжірибеге жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізу;
- тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен шығармашылық бастаманы, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуді және қолдануды, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуды және таратуды жүзеге асырады;
- білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, материалдарды және оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдау;
- білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысу;
- жұмыс орны бойынша сайлау және сайлау лауазымына орналасу;
- білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысу;
- білім беру ұйымдарының алқалық басқару органдарының жұмысына қатысу;
- кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыру;
- үздіксіз кәсіби дамыту және біліктілікті арттыру формаларын таңдау;
- мерзімінен бұрын біліктілік санатын беру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогикалық қызмет;
- кәсіби қызметтегі табыстары үшін көтермелеу;
- «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өту;
- ұйым басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, іс-әрекеттері мен шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды тұлғаларға немесе сотқа шағымдану;
- білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар.

12.5. Мектептегі педагогтар арасынан директор класс жетекшілерін тағайындайды.

12.6. Класс жетекшісі қызметінің міндеттері:

- 1) класс белсендісін қалыптастыру;
- 2) әр білім алушының тұлғасын дамыту, өзін-өзі таныту, оның әлеуеттік қабілеттерін ашу және қайталанбастығын сақтау үшін қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;
- 3) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- 4) класта білім алушылармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру;
- 5) тұлғаның шығармашылық, рухани, табиғи мүмкіндіктерін дамыту;
- 6) салауатты өмір салтына ынталандыру;
- 7) оқушыларда адамгершілік-өнегелік және рухани қасиеттерді қалыптастыру, толеранттылыққа баулу;
- 8) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық

дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

9) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

10) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне жетуге баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

11) оқушылардың бойында ұжымдық және басқаларға жауапкершілік, және сезімдік, достық тұрғысынан топта жұмыс істеуде қабілеттілігін қалыптастыру;

12) балаларға арналған қауіпсіз ортаны қалыптастыру.

12.7. Мектеп қызметкерлеріне еңбек келісім-шарт бойынша өздерінің функционалдық міндеттері мен жұмысын атқарғаны үшін еңбекақы төленуіне кепілдік беріледі.

12.8. Мектеп қызметкерлерінің еңбек келісім-шартында қарастырылмаған басқа жұмыстар мен міндеттерді атқарғандары үшін қосымша келісім бойынша ақы төленеді. Педагогтерге қосымша міндеттер тек директордың бұйрығымен жүктелуі мүмкін.

12.9 Мектептің жеке меншігіне зиян келтіргені үшін еңбек ұжымының мүшелеріне заңда көзделген тәртіппен материалдық жауапкершілік жүктеледі.

12.10. Жарғы және ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін кінәлі тұлғаларға еңбек ұжымының жиналысымен немесе директормен тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін.

12.11. Мектеп-лицейдің қызметкерлеріне, әкімшілік, оқыту-тәрбиелеу, педагогикалық қызметкерлер ұялы телефон ұстауына тыйым салынады.

12.12. Педагог қызметкердің мінез-құлық нормаларын немесе осы Жарғыны бұзғаны үшін тәртіптік тергеулер тек олардың атына түскен жазбаша түрдегі арыз негізінде жүргізіледі. Арыздың көшірмесінің біреуі педагог қызметкерге берілуі тиіс.

### **13. Білім беру ұйымдарына алып кіруге және қолдануға тыйым салынған заттар тізбесі**

#### **13.1. Қарулар:**

- барлық атыс қаруы (пистолет, револьвер, винтовка, шолақ мылтық және т.б);
- атыс қаруының көшірмесі немесе соған ұқсайтын қару;
- атыс қаруының құрастырушы бөлігі (оптикалық құрылғылар/ көздеуіштерден басқа);
- газды қару;
- пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару;
- сигналды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі;
- шеге қағу мен болттарды ұстататын өндірістік құрылғылар;
- арбалеттер, катапульталар, сүңгілер және найзалы құралдар;
- жануарларды жансыздандыруға арналған құралдар;
- мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрып-соғатын құралдар;
- атыс қаруы түрінде жасалынған тұтатқыштар;
- травматикалық және жарық – дыбыстық патрондарымен ұңғысыз қару;
- электрошокты құрылғылар және т.б.

#### **13.2. Қадалғыш / кескіш қарулар мен өткір заттар:**

- балталар, сүңгілер мен найзалардың түрлері, мұз шапқыштар;
- жылжымалы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- ас үй пышақтары;
- аң аулайтын (аңшылық) пышақтар;
- ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер (қауіпті және бір реттік қосымша лезвиесі бар ұстараларды қоса);

- қылыштар мен семсерлер, қылыштың тұтқасы;
- скальпелдер;
- металды жұлдыздар;
- қадалғыш немесе кескіш қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал – жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұрғылар, шапқылар, қызмет көрсету пышақтары, аралар бұрағыштар, балғалар;
- бұрандылар;
- тері астына дәрі беретін және тоқитын инелер;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын қайшылар;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын жиналмалы, бүктемелі жолға арналған пышақтар;
- бекіністік құрал-саймандар.

## **14. Мектеп-лицей мүлкінің құрылу тәртібі**

14.1. Мемлекеттік мекеме мүлкі оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтерін құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мына есепте құрылады:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен.

14.2. Мектеп-лицей өз бетінше мекемеге артылған немесе өзге де смета бойынша берілген мүліктерді иеліктен шығаруға немесе өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

14.3. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, ондай қызметтерден алынған ақша сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

14.4. Мектеп-лицей мүлкі оған Ақтөбе қаласы әкімдігі атынан мемлекет берген мүліктерден құралады, ол негізгі және айналымдағы қаражаттарды қамтиды.

14.5. Мектеп-лицейдің құрылтайшы берген иелігіндегі мүліктер мектептің жедел басқаруына тәуелді және мемлекеттік коммуналдық меншікке жатады. Мектеп-лицей меншекті иеленуге және қажетіне сай пайдалануға құқылы.

14.6. Мектеп-лицейдің материалдық-техникалық базасын бюджеттік қаражаттар, Құрылтайшы берген мүліктер, ақылы білім беру қызметтері, кәсіпкерлік қызметтерден келген кірістер құрайды.

14.7. Мектеп-лицейдің бюджеттік қор арқылы алынған мүліктері баланста тіркеледі.

Мектеп-лицей мемлекеттік иелік болып саналады. Сондықтан ол өздігінен мүліктерге ие бола алмайды.

14.8. Мектеп-лицей бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және мемлекеттік меншік» туралы заңына сәйкес және басқа да бухгалтерлік есеп пен қаржы есептерінің нормативтік құқықтық актілері бойынша, бухгалтерлік стандарттарға сәйкес қаржылық есеп жүргізеді.

14.9. Мектеп-лицейдің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

## **15. Білім беру ұйымының қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді қаржыландыру көздері**

15.1. Мектеп-лицей өз қызметін білім алушылардың оқытылуы мен тәрбиеленуіне арналған мемлекеттік тапсырыстың, сонымен қатар мекемелер мен ұйымдар арасында жасалған шаруашылық келісім-шарттар негізінде жүргізеді. Мектептің қызметін қаржыландыру Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке

алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесі негізінде бюджеттен, мемлекеттік және қаржыландырудың жергілікті нормативтері негізінде жүзеге асырылады.

15.2. Мектеп-лицей ҚР заңдылықтарында белгіленген ретпен, Жарғы мен ҚР заңдарында қаралған ақылы қосымша оқыту, басқа да қызметтер есебінен қосымша қаражат қорларын тартуға құқылы. Жұмыс пен қызмет көрсету ақылары ҚР заңдылықтарына сәйкес белгіленеді. Бұл реттегі кірістерді бөлу тәртібі мектеп Жарғысына сәйкес өз ішінде анықталады. Кірістер бірінші дәрежелі шараларды ескере отырып мақсатты түрде жұмсалады.

15.3. Қосымша қаражаттарды тарту мектептің бюджет есебінен қаржылануының мөлшері мен нормативтерінің азаюына әсерін тигізбейді.

15.4. Қосымша ақылы білім беру қызметінен түскен кіріс өндірістік, арнайы даму, жалақы, резервті қорларының ішінде өзара бөлінеді.

15.5. Ағымдағы жылы қолданылмаған мектеп қаржысы алынып тасталады және келесі оқу жылын қаржыландыру есебіне қосылмайды.

15.6. Мектеп құрылтайшы келісімімен өзіне бекітілген меншік пен мүліктерді пайдалануға құқылы.

15.7. Мектеп мүлкі мен қаражатының қалыптасу көздері мыналар:

- республикалық және жергілікті бюджеттік қаражаттар;
- мектептің өз меншігіндегі мүліктері немесе олардың өкілетті органдары берген мүліктері;
- қосымша ақылы білім беру қызметі есебінен түсетін кіріс;
- заңды және жеке тұлғалардың ерікті түрде көрсеткен көмектері;
- ҚР заңдылықтарына сәйкес келетін басқа да қаржылар.

## **16. Коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі жұмыс тәртібі**

16.1. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

16.2. Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, оларға еңбекақы төлеу жүйесі, тәртіптік шараларға және материалдық жауапкершілікке тарту Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көрсетілген тәртіппен анықталады.

## **17. Халықаралық ынтымақтастық және қызмет**

17.1. Халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде жүзеге асырылады.

17.2 Мектеп өз жұмысының ерекшеліктеріне сәйкес шетелдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен тікелей байланыстар орнатуға, ынтымақтастық туралы екі жақтан және көп жақты шарттар жасасуға, білім алушылар, магистранттар, педагогтер және ғылыми қызметкерлер алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысуға, білім беру саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) кіруге құқығы бар.

## **18. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізудің тәртібі**

18.1. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

18.2. Мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

## **19. Мектеп-лицейді қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

19.1. Мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **20. Мектеп-лицейдің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер**

20.1. Мектеп-лицейдің филиалдары мен өкілдіктері болмайды.

# **У С Т А В**

**коммунального государственного учреждения  
«Средняя общеобразовательная IT школа-лицей №72  
имени Абиша Кекилбайулы»  
государственного учреждения  
«Отдел образования города Актобе»**

Приложение к  
постановлению акимата  
Актюбинской области  
от « 31 » 05 2021 года  
№ 179

**Устав коммунального государственного учреждения  
«Средняя общеобразовательная IT школа-лицей №72 имени Абиша  
Кекилбайулы»  
государственного учреждения «Отдел образования города Актобе»**

**1. Общие положения**

1.1. Коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная IT школа-лицей №72 имени Абиша Кекилбайулы» государственного учреждения «Отдел образования города Актобе» (далее Школа-лицей) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления функций реализации программ начального, основного среднего, общего среднего образования.

1.2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

1.3. Коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная IT школа-лицей №72 имени Абиша Кекилбайулы» государственного учреждения «Отдел образования города Актобе» создано постановлением акимата города Актобе от 10 января 2019 года № 76.

1.4. Учредителем коммунального государственного учреждения «Средняя общеобразовательная IT школа-лицей №72 имени Абиша Кекилбайулы» государственного учреждения «Отдел образования города Актобе» является акимат Актюбинской области (далее – Учредитель).

1.5. Уполномоченным органом соответствующей отрасли является государственное учреждение «Отдел образования города Актобе», а также органом, осуществляющим по отношению к нему функции субъекта права в отношении имущества коммунального государственного учреждения является государственное учреждение «Управление финансов Актюбинской области» (далее – уполномоченный орган по государственному имуществу).

1.6. Наименование государственного учреждения: Коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная IT школа-лицей №72 имени Абиша Кекилбайулы» государственного учреждения «Отдел образования города Актобе».

1.7. Местонахождение учреждения: 030003, Республика Казахстан, Актюбинская область, город Актобе, район Астана, улица Бокенбай Батыра, строение 46.

**2. Юридический статус Школы-лицей**

2.1. Школа-лицей считается созданной и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

2.2. Школа-лицей имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием коммунального государственного учреждения.

2.3. Школа-лицей не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица.

2.4. Школа-лицей отвечает по своим обязательствам, находящимися в его распоряжении деньгами. По договорным обязательствам ответственность Школы-лицей наступает в пределах утвержденного плана финансирования на содержание Школы-лицей. При недостаточности у Школы-лицей денег субсидиарную ответственность по ее обязательствам несет Учредитель.

2.5. Гражданско-правовые сделки учреждения вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

2.6. Деятельность Школы-лицей строится на принципах бесплатного предоставления образовательных услуг в пределах государственных стандартов, непрерывности процесса образования, разнообразия методов преподавания.

2.7. Школа-лицей может оказывать на договорной основе обучающимся и представителям предприятий, учреждений и организаций платные образовательные услуги, не предусмотренные соответствующими образовательными программами и государственными образовательными стандартами, а именно:

- организовать изучение специальных дисциплин сверх часов и сверх программы по дисциплинам, предусмотренных или отсутствующих в учебном плане Школы-лицей;
- проводить репетиторство с обучающимися и организовывать (платные, бесплатные) курсы по подготовке к поступлению в средние, высшие и профессиональные образовательные учреждения по профилирующим предметам;
- создавать кружки, отвечающие запросам родителей и потребностям обучающихся.

2.8. Право на ведение образовательной деятельности и льготы, установленные законодательством, возникают у Школы-лицей с момента выдачи ей соответствующей лицензии.

### **3. Предмет и цели деятельности Школы-лицей**

3.1. Предмет деятельности Школы-лицей – создание необходимых условий для получения качественного образования, направленных на формирование, развитие и становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики:

1) Обучение и воспитание в Школе-лицее ведется на русском и государственном языке.

2) Реализация государственного общеобязательного стандарта начального, основного среднего, общего среднего образования Республики Казахстан.

3) Функционирование лицейских классов с углубленным изучением предметов информатики и математики (алгебры, геометрии, алгебры и начала анализа), общеобразовательных классов в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об образовании», Типовых правил деятельности организаций образования соответствующих типов, утвержденными приказом МОН РК от 30 октября 2018 года № 595.

4) Лицейский классы с углубленным изучением предметов информатики и математики (алгебры, геометрии, алгебры и начала анализа) являются общеобразовательным классом, реализующим общеобразовательные программы основного общего образования, обеспечивающие дополнительную подготовку обучающихся по предметам естественно-математического профиля.

5) Содержание, формы и методы учебно-воспитательного процесса, способствующего формированию творческой, одаренной личности при учете закономерности функционирования школы-лицей в условиях единого процесса воспитания и образования.

6) Обеспечение физического и эмоционального благополучия обучающихся, взаимодействие с семьей для гармоничного развития личности.

7) Реализация образовательных программ и педагогических технологий, обеспечивающих высокую эффективность обучения.

8) Расширение информационного пространства путем ведения сайта Школы-лицея, ведения страниц в социальных сетях.

9) Оказание дополнительных платных образовательных услуг по заявлению родителей в соответствии с действующим законодательством.

10) Осуществление разноуровневого обучения, в том числе инклюзивного.

